

**ЖШС «Гүл-Гүл» бөбекжай бақшасы»  
Өндірістік жиналыс  
хаттамасы №1**

**Күні:** 17 қазан 2025 жыл

**Тақырыбы:** «Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және санитарлық талаптардың орындалуы»

**Қатысты:** 15

**Қатыснады:** 0

**Күн тәртібі:**

1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша барлық топтарда өткізілген тексеріс нәтижелері
2. Санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы (медбике есебі).
3. Асхана жұмысы: бракераж журналы, тағам сапасына бақылау.
4. Топ бөлмелеріндегі қауіпсіздік ортасын жетілдіру бойынша ұсыныстар.
5. Әртүрлі мәселелер

**I ТЫҢДАЛДЫ:** Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша барлық топтарда өткізілген тексеріс нәтижелері

**СӨЙЛЕДІ:** балабақша меңгерушісі С.Арынова сөз алды. Топтарда қауіпсіздік ережелерінің орындалуы, жүгіру, биік жерге шығу, өткір заттарды қолдану сияқты қауіпті әрекеттерді болдырмауға бағытталған алдын алу жұмыстары жүргізілгенін атап өтті. Балаларға күнделікті нұсқаулық беру, серуен кезіндегі талаптарды сақтау бақылауда екені айтылды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** тексеру нәтижесі  
қанағаттанарлық.

**II ТЫҢДАЛДЫ:** Санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы

**СӨЙЛЕДІ:** бөбекжай бақшасы медбикесі С.Эгембердиева санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуы туралы есеп берді. Топтарда кварцтау, желдету, ылғалды тазалау уақтылы орындалатынын, балалардың жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілетінін атап өтті.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Санаитариялық-гигиеналық жұмыстар  
бақылауға алынсын.

**III ТЫҢДАЛДЫ:** Асхана жұмысы: бракераж журналы, тағам сапасына бақылау

**СӨЙЛЕДІ:** балабақша меңгерушісі С.Арынова тағамдардың сапасы, мәзірдің сақталуы, порцияның толық берілуі, азық-түліктің жарамдылық мерзімінің тексерілуі жөнінде ақпарат берді. Бракераж журналы дұрыс жүргізіліп отырғаны айтылды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Асханадағы бракераж журналын жүргізу

сапасын қатаң бақылауға алу.

**IV ТЫҢДАЛДЫ:** Топ бөлмелеріндегі қауіпсіздік ортасын жетілдіру бойынша ұсыныстар.

**СӨЙЛЕДІ:** әдіскер Ж.Ділдәбек ойын алаңдары мен топ ішіндегі жиһаздардың, ойыншықтардың, спорт құралдарының қауіпсіздігіне жүргізілген бақылау қорытындысын ұсынды. Кейбір топтарда бұзылған ойыншықтар мен желімделуі қажет кітаптар анықталғаны хабарланды.

**V ТЫҢДАЛДЫ:** Ағымдағы мәселелер

**СӨЙЛЕДІ:** меңгеруші С.Арынова сөз аллып, топ бөлмелеріндегі күнделікті тазалық пен дезинфекция жұмыстарының жүргізілуін тұрақты бақылау. Ас блогындағы тағам өнімдерін таңбалау мен сақтау мерзімін нақтылау. Медициналық тексерістен өту мерзімі келген қызметкерлер тізімін жаңарту.

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында таңертеңгілік фильтр жұмысының сапасын арттыру. Ойын алаңындағы бүлінген конструкцияларды жөндеу немесе ауыстыру. Төтенше жағдай кезіндегі эвакуация жоспарын пысықтау. Қауіпсіздік ережелерін сақтау, электр құралдарының жарамдылығын тексеру. Өрт қауіпсіздігі бұрышын жаңарту. Эвакуациялық жолдардағы бағыттаушы белгілерді жаңалау керектігін айтты.

#### **ШЕШІМ:**

1. Барлық педагогтар балаларға күнделікті қауіпсіздік ережелерін түсіндіру жұмыстарын жалғастырсын.
2. Санитарлық талаптарды күшейту: кварцтау мен желдету журналын уақытылы толтыруды қадағалау.
3. Асханадағы бракераж журналын жүргізу сапасын қатаң бақылауға алу.
4. Топтардағы қауіпті, бұзылған ойыншықтар мен жабдықтарды ауыстыру немесе жөндеу.
5. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық бұрыштарды жаңарту.

Жиналыс төрайымы:



Ж.Ділдәбек



**ЖШС «Гүл-Гүл» бөбекжай бақшасы»  
Өндірістік жиналыс  
хаттамасы №2**

**Күні:** 14 қаңтар 2026 жыл

**Тақырыбы:** «Тәрбие-білім беру процесінің сапасы және педагогтардың құжаттарын бақылау»

**Қатысты:** 15

**Қатыспады:** 4

**Күн тәртібі:**

1. №1 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.
2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу нәтижелері.
3. Педагогтардың құжаттарын (күнтізбелік жоспар, циклограмма, баланың дамуын бақылау картасы, топтық құжаттар) тексеру қорытындылары.
4. Ұйымдастырылған іс-шараларды ұйымдастыруда кездескен қиындықтар және оларды жетілдіру жолдары.
5. Әдістемелік ұсыныстар мен қателіктерді түзету жолдары.
6. Әртүрлі мәселелер.

**І ТЫНДАЛДЫ:** №1 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.

**СӨЙЛЕДІ:** балабақша меңгерушісі С.Арынова сөз алды. Өткен өндірістік жиналыс шешімдеріне тоқталатын болсам, асханадағы санитарлық-гигиеналық талаптарды күшейту жөніндегі тапсырма бйынша асхана, қойма және дайын тағамдар бөлмесі санитарлық нормаларға сәйкес тазартылды. Күнделікті тазалық жүргізу журналы толықтырылуда. Қызметкерлердің жеке гигиена талаптарын сақтау бойынша нұсқаулық өткізілді.

Бракераж журналының уақытылы жүргізілуін қамтамасыз ету бойынша таңертеңгі ас, түскі ас, бесін асына бракераж жүргізілді. Тағам сапасына күнделікті бақылау белгіленген талапқа сай жүргізілуде. Журнал толтырудан кемшілік анықталған жоқ. Өнім қалдығын сақтау, жарамдылық мерзімдерін қадағалау барысында барлық азық-түлік өнімдерінің жарамдылық мерзімдері тексерілді. Қоймадағы өнімдер СанПин қағидасы бойынша орналастырылды. Жарамдылық мерзімі жақындаған өнімдер акт арқылы есептен шығарылды. Асхана жабдықтарының техникалық жағдайын тексеру барысында плита, тоңазытқыш, желдеткіш, ыдыстардың жағдайы тексерілді. Тоңазытқыштың температурасы журналға енгізіліп отыр. Қажетті жөндеу жұмыстары тізімі



жасалды. Жартылай орындалды – жөндеу жұмыстары келесі жиналыска дейін аякталады.

Тамақтану нормаларын сақтау және балалар порциясының көлемін бақылау бойынша нормативтік құжаттарға сәйкес тағам мөлшері сақталуда. Порцияның салмағы және тағам температурасы өлшеніп, белгіленеді.

№1 өндірістік жиналыста қабылданған шешімдердің басым бөлігі уақытылы және сапалы орындалды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** тексеру нәтижесі  
қанағаттанарлық.

**II ТЫҢДАЛДЫ:** Ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу нәтижелері.

**СӨЙЛЕДІ:** Әдіскер А.Долходжаева балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатысу деңгейін, танымдық белсенділігін, қызығушылығын және дағдыларының қалыптасуын анықтау мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу нәтижелеріне тоқталып өтті. Талдау нәтижелері бойынша балалардың 76–80% ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қызығушылықпен қатысатыны, ұсақ моторикаға қатысты тапсырмаларда балалардың 60% белсенділік танытатыны, қарапайым қимыл-қозғалыс ойындарына 85%-ы қатысатыны, сөздік белсенділік төменгі деңгейде (45–50%) – жеке қолдау қажет екендігін атап өтті.

Ортаңғы топта балалардың танымдық белсенділігі жоғары. Сюжеттік-рөлдік ойындарға қызығушылығы артқан. Зерттеушілік әрекеттерге ынтасы жоғары. Ересек топтағы балаларда ұйымдастырылған іс-әрекеті тұрақталған, өз бетімен әрекет жасау дағдылары жақсы дамыған болса, мектепалды топта балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті жоғары деңгейде. Қажетті оқу дағдыларының басым бөлігі қалыптасқан, дей келе бақылау нәтижесі бойынша ұсыныстарды атап өтті.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** педагогтардың ашық іс-әрекеттерін  
ұйымдастырып, тәжірибе алмасуды жолға қою.

**III ТЫҢДАЛДЫ:** Педагогтардың құжаттарын (күнтізбелік жоспар, циклограмма, баланың дамуын бақылау картасы, топтық құжаттар) тексеру қорытындылары.

**СӨЙЛЕДІ:** балабақша меңгеруші С.Арынова 2025–2026 оқу жылына арналған бақылау жоспарына сәйкес педагогтардың оқу-әдістемелік құжаттары: перспективалық жоспарлар, циклограммалар, баланың жеке даму карталары, топтық құжаттар (журналдар, тізімдер, ақпараттық бұрыштар, қауіпсіздік бойынша құжаттар) кешенді түрде тексерілді. Перспективалық жоспарларды тексеру нәтижелерінде барлық педагогтар перспективалық жоспарды Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкестендіріп жүргізетіні, балалардың жас ерекшеліктеріне сай тапсырмалар, ойын технологиялары, сараланған жұмыс түрлері енгізілгенін айтты. Циклограммаларды тексеру нәтижесінде Апталық циклограммалар жүйелі, барлық бағыттарды (режимдік сәттер, ұйымдастырылған іс-әрекеті, жеке жұмыс, серуен, ойындар) қамтитынын, дене тәрбиесі, тіл дамыту, шығармашылық, экология, құндылықтарға



тәрбиелеу жұмыстары белгіленгенін, ал кейбір циклограммаларда жеке түзету жұмыстары көрсетілмеген, серуен кезіндегі ұйымдастырылатын ойындардың мазмұны кей педагогтарда бірсарынды, ал тәрбие жұмысы бойынша ата-анамен өзара әрекет бөлімдері толық ашылмағанын айтты. Баланың жеке даму карталарын тексеру барысында дамудың негізгі салалары бойынша (таным, сөйлеу, қоғамдық дағдылар, моторика) динамика көрініс тапқан, қажет балаларға жеке қолдау түрлері енгізілгенін, кейбір карталарда диагностикалық бақылау күндері толық қойылмаған, баланың дамуында байқалған қиындықтарға қатысты түзету жұмысының нақты жоспары көрсетілмегенін айтты. Жүргізілген бақылау нәтижесінде педагогтардың құжаттары нормативтік талаптарға жалпы сәйкес, ортадан жоғары деңгейде екендігі анықталды. Құжаттарды рәсімдеу мәдениеті мен жоспарлаудың сапасы жыл сайын жақсарып келеді. Педагогтар оқу процесін жүйелі жоспарлап, балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескеруге тырысады, - деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Топ педагогтары балалардың жеке даму динамикасын бағалау критерийлерін нақтылау.

**IV ТЫҢДАЛДЫ:** Ұйымдастырылған іс-шараларды ұйымдастыруда кездескен қиындықтар және оларды жетілдіру жолдары.

**СӨЙЛЕДІ:** әдіскер А.Долходжаева 2025–2026 оқу жылы аясында топтарда өткізілген ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен тәрбие-дамытушылық іс-шараларды талдау барысында бірқатар ортақ қиындықтар анықталды. Бұл мәселелер педагогтардың жоспарлау, ұйымдастыру, балалармен жұмыс істеу әдістеріне қатысты болды, - деп анықталған негізгі қиындықтар және оларды жетілдіру бағыттарына тоқталды. Жүргізілген талдау ұйымдастырылған іс-шаралардың жалпы деңгейі қанағаттанарлықтан жоғары, алайда жетілдіруді талап ететін бағыттар бар екенін көрсетті. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, материалдық базаны жаңарту, әдістемелік қолдауды күшейту – білім беру процесінің сапасын көтерудің негізгі жолдары болып табылады, - деді.

**V ТЫҢДАЛДЫ:** Әдістемелік ұсыныстар мен қателіктерді түзету жолдары.

**СӨЙЛЕДІ:** меңгеруші С.Арынова тәрбие-білім беру процесін талдау нәтижелері педагогтардың жұмысында бірқатар әдістемелік кемшіліктердің бар екенін көрсетті, деді. Ұйымдастырылған іс-әрекетін ұйымдастырудың тиімділігін арттыру мақсатында төмендегі қателіктер мен оларды түзету жолдары ұсынылады, деп ұйымдастырылған іс-әрекетін жоспарлауда кездесетін қателіктер және шешу жолдарын атап өтті. Жоғарыда берілген ұсыныстар педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттырып, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Қателіктерді жүйелі түрде талдап, дер кезінде түзету – оқу-тәрбие жұмысының сапасын айтарлықтай жақсартады.

**VI ТЫҢДАЛДЫ:** Ағымдағы мәселелер



**СӨЙЛЕДІ:** меңгеруші С.Арынова сөз алып, кейбір топтарда ұйымдастырылған іс-әрекеттердің уақыт регламенті толық сақталмайтынын, ойын, бейнелеу, тіл дамыту, математика бағыттары бойынша әдістерді жаңғырту қажеттілігі байқалды. Балалардың жеке даму карталарын толтыруда бірізділік бұзылған. Бірқатар педагогтарда перспективалық жоспардың мақсаттары мен нәтижелері нақты көрсетілмеген. Циклограмма мен перспективалық жоспар арасында сәйкестік толық сақталмаған жағдайлар анықталды. Мониторинг нәтижелерін талдау сапасын жақсарту қажет. Ерте жас және кіші топтарда балалардың сөйлеу даму көрсеткіштерін тіркеуде қиындықтар бар. Балалардың жеке әлеуетін ескеріп тапсырмалар беру жеткіліксіз. Баламен жеке жұмыс уақыты педагогтар арасында тең бөлінбеген. Бірқатар топтарда орталықтарда материалдар жетіспейді немесе мақсатқа сай топтастырылмаған. Ойын материалдарының қауіпсіздігі мен жарамдылығын тексеру жұмыстары жиілетуді қажет етеді, - деді.

### **ШЕШІМІ:**

1. Тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру мақсатында педагогтарға әдістемелік қолдау жұмыстарын күшейту.
2. Педагогтардың құжаттарын жүргізу сапасын жақсарту, анықталған кемшіліктерді жою.
3. Жиналыс шешімдерінің орындалуын бақылау келесі өндірістік жиналыста қарастырылсын.

**Жиналыс төрайымы:**



**А.Долходжаева**



**ЖШС «Гүл-Гүл» бөбекжай бақшасы»  
Өндірістік жиналыс  
хаттамасы №3**

**Күні:** 15 сәуір 2026 жыл

**Тақырыбы:** «Асхана жұмысы және пайдалы тамақтануды ұйымдастыру»

**Қатысты:** 14

**Қатыспайды:** 6

**Күн тәртібі:**

1. №2 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.
2. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тамақтану нормаларының орындалуы.
3. Ас мәзірінің құрамы, тағам сапасына жүргізілген бракераж қорытындысы.
4. Балабақша асханасының санитарлық-гигиеналық жағдайы туралы есеп.
5. Әртүрлі мәселелер.

**І ТЫҢДАЛДЫ:** №2 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.

**СӨЙЛЕДІ:** балабақша меңгерушісі С.Арынова сөз алды. Өткен өндірістік жиналыс шешімдеріне тоқталатын болсам, Өткізілген бақылаулар нәтижесінде топтардағы ұйымдастырылған оқу қызметтері бағдарламалық талаптарға сәйкес жүргізілгені анықталды. Педагогтардың көпшілігі балалардың жас ерекшелігіне сай әдіс-тәсілдерді тиімді қолданған. Ұйымдастырылған іс-әрекеттері барысында балалардың белсенділігі, қызығушылығы жақсы деңгейде байқалды. Кейбір педагогтарда уақытты дұрыс бөлмеу, кері байланысты толық ұйымдастырмау сияқты ұсақ кемшіліктер тіркелді. Ашық іс-әрекеттер барысында дамытушы ортаның мазмұны талаптарға сай толықтырылғаны көрінді. Жалпы жұмыстың сапасы қанағаттанарлық, бірақ оқу қызметінің құрылымын нақтылау және балалардың сөйлеу белсенділігін арттыру бағытында жұмыс қажет.

Педагогтардың көпшілігінде құжаттар әдістемелік талаптарға сәйкес рәсімделген. Перспективалық жоспар үлгілік оқу бағдарламасына негізделген. Кейбір педагогтарда бақылау карталарын толтыруда жүйелілік жетіспейтіні анықталды. Топтық құжаттардың бір бөлігінде (қауіпсіздік журналы, оқу-материалдық орта тізімі) түзетулер мен жаңартулар қажет.

Кейбір балалардың белсенділігі төмен, педагогтар тарапынан жеке жұмыс тәсілдері жеткіліксіз. Дамытушы ортаның элементтері барлық топта бірдей толық емес. Көрнекіліктер мен оқу құралдарының жаңартылуы қажет топтар бар. Уақытты тиімді пайдалану дағдысы кейбір педагогтарда қалыптаспаған.



Балалардың жеке қабілетіне сай тапсырмаларды жоспарлау. №2 өндірістік жиналыстың шешімдері негізінен орындалды. Педагогтардың құжат жүргізуі мен оқу процесінің сапасы тұрақты бақылауда. Жұмысты жетілдіру бағыттары анықталды және олар бойынша әдістемелік көмек жалғасады.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** өткен өндірістік жиналыс шешімі қанағаттанарлық.

**II ТЫҢДАЛДЫ:** Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тамақтану нормаларының орындалуы.

**СӨЙЛЕДІ:** Медбике С.Эгембердиева балабақшада балалардың денсаулығын нығайту және дұрыс өсіп-жетілуін қамтамасыз ету мақсатында күнделікті тамақтану нормалары ҚР ДСМ бекіткен мектепке дейінгі ұйымдарға арналған физиологиялық және санитарлық талаптарға сәйкес ұйымдастырылып келеді. Тексеру барысында барлық топтарда тамақтану мөлшері жас ерекшелігіне сай белгіленген нормаларға негізделгені анықталды: Кіші топ (2 жас): Ортаңғы топ (3 жас): тағам түрлері әртараптандырылған, бірінші және екінші тағамдар, салаттар, витаминдік шайлар толық ұсынылады. Ересек топта (4 жас): Даярлық топ (5 жас): ақуыз, көмірсу және май құрамының балансы сақталған рацион беріледі, күнделікті көкөніс пен жеміс нормасы қадағаланады. Жалпы алғанда, балабақшада балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тамақтану нормалары толық көлемде сақталады. Тағам сапасы, порция көлемі және санитарлық талаптар қадағалануда. Кемшіліктер ескеріліп, оларды түзету бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде.

**III ТЫҢДАЛДЫ:** Ас мәзірінің құрамы, тағам сапасына жүргізілген бракераж қорытындысы.

**СӨЙЛЕДІ:** Бракераж комиссиясының төрайымы А.Долходжаева балабақшада балалардың жас ерекшелігіне сай апталық ас мәзірі әзірленіп, ҚР ДСМ бекіткен санитарлық-диеталық нормаларға сәйкес бекітілгенін айта келіп, бракераж комиссиясы күнделікті таңертеңгі және кешкі тағамдарды тексергенін, нәтижесінде, тағамның дәмі, иісі, түсі және консистенциясы барлық топтарда талапқа сай екенін, құрамындағы тұз мөлшері нормативке сәйкес, тәтті тағамдар шектеулі, тағамдардың температура режимі (жылы тағамдар – 65–75°C, салқын тағамдар – 8–12°C) сақталғанын, асхана қызметкерлері санитарлық талаптарды орындауда жауапкершілік танытатынын айтты. Бракераж нәтижелері тағам сапасының тұрақты екенін, санитарлық талаптардың сақталғанын көрсетті. Кемшіліктер аз, олар бойынша түзетулер жүргізілуде, - деді.

**IV ТЫҢДАЛДЫ:** Бөбекжай бақшасы асханасының санитарлық-гигиеналық жағдайы туралы есеп.

**СӨЙЛЕДІ:** шаруашылық меңгерушісі К.Аманкулова бөбекжай бақшасы асханасы санитарлық талаптарға сәйкес жабдықталған және таза. Асхананың едені, қабырғалары, жұмыс үстелдері таза, жарық жеткілікті. Барлық



техникалық құралдар жұмысқа дайын және техникалық тұрғыда қауіпсіз. Қол жуатын орындар, дезинфекциялық ерітінділер жеткілікті. Асхана қызметкерлері міндетті түрде санитарлық кітапшамен қамтамасыз етілген. Қолды жууға арналған құралдар, арнайы киім (киім формасы, алжапқыш, бас киім) бар. Қызметкерлер тағам дайындау алдында, әр уақытта қолын жуады және гигиеналық талаптарды сақтайды.

Медициналық тексеруден өткен қызметкерлер ғана жұмысқа жіберіледі. Тағамдар дайындау алдында өнімдер тексеріледі, сапасына мониторинг жүргізіледі. Бракераж комиссиясы күнделікті таңертеңгі және кешкі тағамдарды тексерді. Тамақ сапасы, дәмі, иісі, түсі және консистенциясы нормативке сәйкес. Қауіпсіздік талаптары сақталған, тағамның құрамы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес. Кейбір күндері көкөніс және жеміс жеткізілімінде уақытша тапшылық байқалды. Ас мәзіріндегі жаңа тағам түрлерін енгізу кезінде балалардың реакциясын бақылауды күшейту қажет.

Балабақша асханасының санитарлық-гигиеналық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде. Техникалық, гигиеналық және тамақ сапасына қойылатын талаптар сақталады. Кемшіліктер аз, олар бойынша түзетулер енгізу жұмысы жүргізілуде.

#### **V ТЫНДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер**

**СӨЙЛЕДІ:** меңгеруші С.Арынова сөз алып, көкөніс пен жеміс жеткізілімінде уақытша тұрақсыздық байқалды. Кейбір жаңа тағам түрлері балаларға толық таныстырылмаған немесе қызығушылықты тудырмаған. Асхана қызметкерлерінің санитарлық талаптарды орындауын тұрақты бақылауды күшейту қажет. Жас ерекшелігіне сай порциялар мен тағам түрлерін қадағалау қажет. Балалар мен ата-аналар арасында дұрыс тамақтану мәдениеті бойынша ақпарат жеткіліксіз. Көрнекі құралдар мен тақырыптық бұрыштарды жаңарту қажет. Ағымдағы мәселелердің басым бөлігі жеткізілім, санитарлық талаптар, балалардың тамақтану дағдылары мен педагогтардың әдістемелік дайындықтарына қатысты. Мәселелерді шешу үшін тұрақты бақылау, әдістемелік көмек, ақпараттық насихаттау және жабдықтарды жаңарту қажет, - деді.

#### **ШЕШІМІ:**

1. Бөбекжай бақшасы асханасының санитарлық-гигиеналық жағдайын сақтау.
2. Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес тамақтану нормаларын орындау:
3. Ас мәзірінің сапасы мен бракераж жұмыстарын күшейту:

Жиналыс төрайымы:



А.Долходжаева